

ЛЕНИН ТУҒЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№107 (9169) | 1953 ЖЫЛҒЫ 30 МАЙ Сенбі | Шығуына 34 жыл
кеке саны 20 тыйын.

Комбайндар әрі тез, әрі сазалы жөнделсін

Партия мен үкметіміз социалистік ауыл шаруашылығын үздіксіз өркендету беру мақсатын көздеп, оның барлық саласын механикаландыру және отандық жаңа техникалармен ойдағыдай жабдықтау мәселесіне ерекше көңіл бөліп, зор қамқорлық жасап келеді. Осының нәтижесінде біздің ауыл шаруашылығымыз машина өнеркәсіп орындарынан жыл сайын көптеген жаңа күрделі машиналар алып, оны егін және мал шаруашылығында кеңінен пайдалануда. Бұған тек біздің облыстың соңғы жылдары ғана тракторлардың, комбайндардың, шөп машиналарының, автомашиналардың және басқа да күрделі машиналардың бірсыпыра жаңа маркаларын алып тартқандығын айтсақ та жеткілікті.

Облыс МТС-терінің трактор паркі Отан соғысына дейінгі дәрежемен салыстырғанда өткен жылдың өзінде 57,5 процент, комбайн паркі 66 процент артты. Ал, үш-төртінші жылы оларда жаңа машиналардың саны бұрынғыдан да көбейе түсті. Сондай-ақ совхоздардың да трактор және комбайн парктері жаңа техника қуатымен үздіксіз нығайтылуда. Киров атындағы, Совет, Возышен, Чистов, Шағлы сияқты алдыңғы қатарлы совхоздар партия мен үкметіміздің бұл қамқорлығына жауап ретінде бйылы машиналардың қуатын сарқа пайдалана отырып, көктемгі егісті мемлекет тағайындаған мерзімде, агротехникалық жоғары дәрежеде орындап шықты. Көзір бұларда егіннің, әсіресе, дәнді дақыл егінінің шығуы өте жақсы.

МТС-тер мен совхоздардағы трактор және комбайн парктерінің жыл сайын жаңа техникамен толықтырыла түсуі облыста егіс көлемін оған сайын кеңейту, егіншіліктің мәдениетін көтеру, егіннің шығымдылығын арттыру міндеттерін табысты шешуге қолайлы жағдай туғызуда. Ендігі мәселе барлық МТС-тер мен совхоздардың егін шаруашылығын партиямыздың XIX съезі алға қойған міндеттерге сай өркендету беру үшін осы күрделі техникалардың қуатын тиімді пайдалана білулерінде болып отыр.

хоз басшыларының комбайн жөндеуді тез аяқтау жөнінде шу көтерулеріне, даурықпалы думанға салынуларына әкелін соғады. Осыдан кейін кейбір механизаторлар комбайндарды сапасыз жөндей салады. Сөйтіп, жөндеуден сапасыз өткен комбайн егін даласында жұмыс істеуге жарамай босқа тұрады. Өткен жылы осындай жағдай Ильич атындағы, Пушкин атындағы Куйбышев атындағы және Образцовая МТС-терінде болды.

Осы МТС-тердің басшылары өткен жылғы кемшіліктерден бйылы өздерінің жұмысына тиісті қорытынды шығарды ма? Жоқ. Олар өткен жылғы кемшілікті қайталағалы отыр. Облыста комбайн жөндеудің басталғанына едәуір уақыт болса да, Ильич атындағы МТС-те жөндеуден өткізілуге тиіс 35 комбайнның, Пушкин атындағы МТС-тегі 34 комбайнның, Куйбышев атындағы МТС-тегі 74 комбайнның, Образцовая МТС-дегі 59 комбайнның әлі күнге төрттен бір белегі де жөнделіп болған жоқ. Комбайн жөндеуде осындай сылбырлық Калинин атындағы, Ворошилов атындағы, Тимирязев атындағы, Саратов, Асанов, Ново-георгиев МТС-терінде де бар.

Жөндеу жұмысының бұл сыяқты ойсыраған олқылыққа ұшырауының сыры неде? Мұның сыры: біріншіден, МТС және совхоз басшыларының қолда бар күш-мүмкіншілікті пайдалана білмеушілігінде, ауылшаруашылық жұмыстарын бір-бірімен ұштастыра жүргізбей, оларды кезекке қоюшылықтарында болса, екіншіден, аудандық партия комитеттері мен Совет атқамдерінің және ауылшаруашылық бөлімдерінің МТС, совхоздарға нақтылы сыяқты жауапты жұмысқа қарқын туғызуды кезінде талап етпейтіндіктерінде. Әрине, бұл кемшілікке бұдан әрі төзуге болмайды.

Егіннен мол өнім алу тағдыры егісті кезінде салу, немесе, оны бітік өсірумен ғана шешілмейді. Ол сонымен бірге бітік өсірілген егінді қысқа мерзімде, ысырап-

Өндірістік программаны толық орындау—негізгі көрсеткіш

Мүмкіншілікті толық пайдаланамыз

Петропавл шойын құю-таразы заводы жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлерінің коллективі қала мен ауыл-село еңбекшілерінің тұтынуына қажетті товарларды көптеп шығарып, оның өнім сапасын жақсарту беру жолында социалистік жарысты өрістете түсті.

Социалистік жарыста алған міндеттемесін аброймен орындап, өнім сапасын бұрынғыдан да жақсарту түскен бригадалар мен жеке стахановшылардың саны үнемі көбейіп келеді. Перфирьев жолдас басқарған слесарьлық-жыйнау цехының слесарьлар бригадасы жарыста алда келеді. Бұл бригаданың барлық мүшелері күндік тапсырманы 200 процент орындайды, ал, слесарьлар Жучко, Зонов және Урванцев жолдастар күндік нормасын үш есе асыра орындауда.

Жабдықтарды жөндеу цехының слесарьлары Мелихов, Васильев және Рыгалов жолдастар Май мерекесі қарсаңындағы жарыста алған міндеттемелерін 200 проценттен орындаған еді. Олар еңбек қарқынын төмендетпестен өнімнің сапасын жақсарту беру жолындағы күресте жаңа нәтижелерге жетті. Бұлар май айының тапсырмасын әрқайсысы 250 проценттен орындауға уәде берсе, оны орындау үшін күресуде.

Көзір завод коллективі екінші тоқсанның тапсырмасын барлық көрсеткіштер бойынша артығымен орындау үшін күресуде. Бұл үшін бізде мүмкіншілік толық жеткілікті.

Н. МҰСТАФИН,

Шойын құю-таразы заводы партия ұйымының секретары.

Жаңа астықты қабылдауға әзірлік

Бұл күндері Петропавлдағы «Главмука» завод басқармасының жұмысшылары өнімді еңбек етуде. Өндірістік жоспарды

Әрбір колхоз, совхоз бен МТС-те еңбекті дұрыс ұйымдастырып, барлық ауылшаруашылық жұмыстарын ұштастыра жүргізу керек.

Жұмысты бұлай ұйымдастыру ауыл шаруашылығының алдында тұрған міндеттерді ойдағыдай орындауға мүмкіншілік туғызады.

Жұмысты бір қалыппы, үдеме жүргізу—негізгі шарт

Өнеркәсіп шығаратын өнімнің мөлшерін үнемі арттыра беру жөніндегі партия мен үкметтің директиваларын орындай отырып, облысымыздың кәсіпорындары соңғы жылдарда едәуір табыстарға ие болды. 1940 жылдан бері, әсіресе, соғыстан кейінгі жылдардың ішінде облыс өнеркәсібінің өндірістік-техникалық базасы едәуір ұлғайып, нығая түсті. 1946 жылмен салыстырғанда өнеркәсіп орындарының негізгі қоры 1952 жылы 80 процент асты. Мұнымен бірге, кәсіпорындары жаңа машиналармен және жабдықтармен үнемі қаруланып келеді. Соңғы бесжылдықтың ішінде өндірісте істейтін жұмысшылардың саны 37 процент өсті. Еңбек өнімділігі 90 процент артты.

Партияның XIX съезінің тарихи қарарларын жүзеге асыра отырып, кәсіпорындарының коллективтері жоспарды артығымен орындап, өндірістік технологияны жақсарту түсті, өнімнің өзіндік құнын төмендетіп, өнімнің сапасын жақсартуға жетісті.

Кәсіпорындарының партия ұйымдары социалистік жарысты ұйымдастыруға көбірек көңіл бөліп, өндіріс озаттарының іс тәжірибелерін көпшіліктің игілігіне айналдыру жөніндегі жұмысты бірқатар жақсарту түскендіктен біраз кәсіпорындарының өндірістік көрсеткіштері жақсара бастады. Мәселен, шағын двигательдер заводы 1951 жылмен салыстырғанда 1952 жылы өнім шығарудың мөлшерін 24,1 процент, ет комбинаты— 13,2 процент, нан комбинаты 25,7 процент, «Комсомолка» тігін фабрикасы, 18,1 процент, облыстық жергілікті өнеркәсібі 11,6 процент арттырды.

Социалистік жарысты дұрыс ұйымдастырып, оған жұмысшыларды көптеп қатыстыру, алынған міндеттемелердің орындалуын бақылап отыруды ұйымдастыру-ның нәтижесінде стахановшылар мен жа-

Левченко мен Мухановтың озат әдістерін қолдану өзінің жақсы нәтижелерін берді. Осы әдісті қолданудың арқасында шағын двигательдер заводында 305 мың сом, былғары заводында 277 мың сомның отыны мен материалдары үнемделді. Корабельникова жолдасының бастамасын қолдана білудің арқасында облыстық кәсіпшілік одағының артельдері 112 мың сомның шықсаты мен материалдарын үнемдеуге жетісті.

Алайда, кәсіпорындарының жұмысында әлі де болса елеулі кемшіліктердің бар екендігін атап көрсету қажет. Кейбір кәсіпорындарының басшылары осы уақытқа дейін ай және тоқсан бойларына өнімнің біркелі шығып тұруын қамтамасыз ете алмай келеді. Осының салдарынан бес айдан бері мемлекеттік жоспар орындалмады. 1953 жылдың бірінші тоқсанының жоспарын облыс өнеркәсібі олқылыққа ұшыратып, мемлекетке 15 миллион сомның өнімін кем берді. Көзіргі уақытта, әсіресе, Билық жолдас директор болып істейтін Киров атындағы завод, Гаев жолдас директор болып істейтін аяқкиім фабрикасы, Неволин жолдасының басқаруындағы май өндірісінің тресі қанағаттанғысыз жұмыс істеп отыр. Жергілікті және кооперативтік өнеркәсіптің көптеген кәсіпорындары шығарылатын өнімді жыл сайын арттыра берудің міндетін орындай алмай келеді.

Бірқатар кәсіпорындары өнімнің тұртүрлерін шығару жөніндегі тағайындалған тапсырысты орындамай, жұмыстарында үлкен ақау жіберуде. Ет-консерві комбинаты өткен жылы мемлекетке 184 тонна тағам майын, май өндірісі тресінің кәсіпорындары 400 тонна май, аяқкиім фабрикасы 65 мың пар пиманы жоспардығыдан кем берді.

Жұмыста болған кемшіліктерді қайталамай, мемлекеттік жоспарды мерзімінен бұ-

Халықтық демократия елдерінде

Халықтық Қытай балаларды қорғаудың халықаралық күніне әзірленуде

ПЕКИН, 27 май. (СОТА). Қытай Халық Республикасында балаларды қорғаудың Халықаралық күніне әзірлік қызу жүргізілуде.

«Гуанминжибао» газетінің бүгінгі хабарына қарағанда, Суйюань, Аньхуэй, Шэньси провинцияларында, Чунцзинь, Кантон, Ханчжоу, Фучжоу, Амой қалаларында және басқа жерлерде балаларды қорғаудың Халықаралық күнін өткізу жөнінде комитеттер құрылған.

1 июньде барлық жерде балалар мейрамы өткізіледі. Еңбектің озағары, азаттық соғыстың батырлары, мәдениет қайраткерлері балалармен кездеседі.

Қытайдың көптеген қалаларында балаларды қорғаудың Халықаралық күні қарсаңында балалар творчествосының көрмесі, сол сыяқты, түрлі елдердің балаларының өмірі туралы сурет көрмелері ашылуда.

«Женминжибао» газетінің хабарына қарағанда, Шанхайда 1 июнь қарсаңында жаңадан төрт пионерлер үйі және пионерлер Сарайы ашылады. 31 май күні кешке пионерлердің үлкен көстері жағылады, ал, 1 июньде балалар жаппай серуендеді.

Кантондағы пионерлер Сарайы балаларды қорғаудың Халықаралық күніне белсене әзірленуде. Кантон балаларының мектептен тыс жұмысының орталығы болып табылатын Сарайда кітапхана, техника кабинеті бар, физкультура, химия, биология және басқа үйірмелер ұйымдастырған. Мұнда 1 июньде балалар кеші өткізіледі.

Болгарияда ауылшаруашылық машиналарын жасау

СОФИЯ, 27 май. (СОТА). Болгария телеграф агенттігінің хабарына қарағанда, Г. Димитров атындағы ауылшаруашылық машиналарын жасау заводының коллективі болгарлық бірінші мақта сеялаларын, канал қазғыштарды, бес тонналық крандарды және қант шығару өнеркәсібіне арналған аппараттарды жасап шығарған. Көзіргі уақытта заводта болгарлық тұңғыш тіркеу комбайнын монтаждау жұмысы жүргізіліп жатыр.

Жуырда Г. Димитров атындағы ауылшаруашылық машиналарын жасау заводы советтік үлгі бойынша жасалған шаршы-үя әдісімен тұқым себетін тұңғыш

Быйыл облыс колхоздары мен совхоздары егінді түгелге жуық комбайнмен жыйнауға тиіс. Егін жыйнау—өте маңызды және жауапты жұмыс. Бұл міндетті аяқтайтын орындап шығу үшін барлық комбайндары егін жыйнау науқанына тыңғылықты әзірлеудің зор маңызы бар. Сондықтан МТС және совхоз басшылары комбайн жөндеу жұмысын ұйымдастыруды өз қолдарына алып, жөндеу жұмысының барысына үнемі бақылау жасап, комбайндардың әрі тез, әрі сапалы жөндеуін қамтамасыз етулері қажет.

Комбайндардың жөндеуден тез, сапалы өткізілуі жөндеу мастерскойларының қажетті материалдармен, жөндеу аспаптарымен қамтамасыз етілуіне, маман жөндеушілермен толықтырылуына, жөндеушілер арасында социалистік жарыстың кең өрістетіліп, еңбектің дұрыс ұйымдастырылуына байланысты. Еңбекті үлгілі ұйымдастырған жерде ауыл шаруашылығының ең күрделі машинасы—комбайндардың егін жыйнау науқанына сақадай-сай болатыны, соның нәтижесінде егіннің деркесінде, мысрапсыз жыйналатыны тәжірибеден көрініп келеді.

Бірақ, біздің облыстың бірқатар МТС-тері мен совхоздарының басшылары егін жыйнауға әзірлікті тыңғылықты ұйымдастыруды, оның ішінде комбайндарды жөндеу жұмысын әрі тез, әрі сапалы жүргізуді әдетке айналдыра алмай келеді. Оларда комбайндарды жөндеу жұмыстары өте кеш басталып, сылдыр жүргізіледі. Сөйтіп, егін өбден қурап, піскенге дейін комбайн жөндеу аяқталмай жүргізіле береді. Мұндай жайбарақаттықтың, комбайн жөндеуді кешіргісіз кешегідейдің акыры дәл егін жыйнау басталған кезде МТС, сов-

хоз жыйнау аяғында ғана шешіледі. Ал, бұл істе комбайн айырықша роль атқаратыны мәлім. Сондықтан комбайн жөндеу қарқынын еселеп арттыру—кезек күттірмейтін міндет. Бұл үшін МТС, совхоз басшылары мен аудандық партия, совет ұйымдарының басшылары жөндеушілер арасында социалистік жарыстың кең өрістетілуін, жөндеу мастерскойларында еңбектің дұрыс ұйымдастырылуын, комбайнды бригадаларға тараптық әдіспен жөндеудің дұрыс жүргізілуін, озаттардың жұмыс тәжірибелерін кеңінен насихаттау арқылы әрбір бригадаларда стахановтық қозғалыстың қызу өріс алуын қамтамасыз етулері керек. Олар мұнымен қатар барлық комбайнның сапалы жөндеуін, жөндеуден өткізілген комбайндарды бірде-бір ақаудың жіберілмеуін бақылап отыруға тиіс.

Егін жыйнауға тыңғылықты әзірлену комбайндарды әрі тез, әрі сапалы жөндеуді керек етсе, егін жыйнайтын басқа да машиналарды сондай тез жөндеп, әзіретуді де керек етеді. Бұл іске МТС, совхоз басшыларымен бірге, колхоз басшылары да көңіл бөліп, барлық егін жыйнайтын машиналарды жөндеуді қамтамасыз етулері керек. Бірақ, бұл жұмыс көп колхоздарда әлі күнге қолға да алынған жоқ.

Егін жыйнауға әзірлікте ырғалып-жырғалушылыққа бұдан әрі төзе беруге болмайды. Егін жыйнауды ұйымдасқан түрде бастап, оны үлгілі аяқтау үшін оған барлық жағынан тыңғылықты әзірлену керек. Демек, жөндеу жұмысының қарқынын арттыра отырып, барлық комбайн мен егін жыйнайтын жай машиналарды жұмысқа толық әзір ету қажет. Міне, бұл—бүкіл облыс ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің айбынды міндеті.

Көрсеткенін орындау бригадаларының социалистік жарыста Әбдіхалықов және Морозова жолдастардың бригадалары үздік алды келеді. Бұл бригадалардың мүшелері сменалық тапсырманы үнемі 120—125 процент орындайды.

Завод басқармасының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері өндірістік жоспарды толық және асыра орындаумен бірге, жаңа әдісін астығын қабылдауға да қызу әзірленуде. Көзір төрт астық қоймасы, екі дән кеніргіш, 8 жылжымалы транспорт жөндеуден өтті. Ал, таразыларды жөндеу жұмыстары толық аяқталды.

Транспорттан астық түсіру жұмыстарының біразы быйыл механикаландырылған жолмен жүргізілмек. Бір кісі автомашинадан сағатына 40 тоннаға жақын дән түсіретін үш механикалық күрек орнатылды.

Х. РАХМАТУЛЛИН.

қалық тапқыштардың қатары үнемі өсіп келеді. Өткен жылы 2 мыңнан астам адам екі және үш жылдық өндірістік тапсырмаларды орындады.

Металл өңдеуші кәсіпорындарда металды шапшаңдатылған әдіспен кесудің жаңа әдістері қолданылуда. Тек қана шағын двигателдер зауытында 46 станок шапшаңдатылған әдіспен жұмыс істеуге көшті.

Мінсіз жоғары сапалы өнім шығару жолындағы күрес электр өнеркәсібі министрлігінің зауытында 1951 жылға қарағанда, жұмыстағы ақауды 15 есе төмен түсіруге мүмкіншілік берді. Микоян атындағы ет-консерві комбинатында 93 бригадала, мүгедектер кооперациясы одағының кәсіпшілік артельдерінде 98 бригада мінсіз жоғары сапалы өнім шығару бригадасының атағын алу үшін күресуде.

рын орындау үшін кәсіпорындарының партия және шаруашылық басшылары, кәсіподақ ұйымдары социалистік жарысты ойдағыдай ұйымдастыра білулері, алынған міндеттемелердің орындалуын үнемі бақылап отырулары керек; өндіріс озаттарының іс тәжірибелерін көпшіліктің игілігіне айналдыру үшін үгіт-насихат жұмысын шын мәнінде жақсартып, өндірісте еңбек тәртібін бұзушылар мен өнімде ақау жіберушілерге қарсы күресті күшейтуге міндетті. Сөйтіп, облыс кәсіпорындары 1953 жылғы мемлекеттік жоспардың мерзімінен бұрын орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.

А. ЧЕРНЫШОВ,

Қазақстан КП облыстық комитетінің өнеркәсіп-транспорт бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

Польшада мәдениет және демалу паркін салу
ВАРШАВА, 27 май. (СОТА). Силезия көмір бассейнінің орталығында Сталиноград пен Хозув арасында 600 гектарлық алаңда мәдениет және демалу паркі салынуда. Көзірдің өзінде 200 гектар жерге 800 мыңға жуық көркейткіш ағаштар және 40 мың ірі ағаштар отырғызылды. Мұнда 10 мың зрительге арналған жазғы театр, планетарий, обсерватория, бассейн, балалар темір жолы салынады.

ЧЕХОСЛОВАКИЯ ӨНЕРКӘСІБІ ҮШІН ПРАГА, 27 май. (СОТА). Пльзень қаласындағы В. И. Ленин атындағы ауыр машина жасау зауыты Чехословакияның өнеркәсіп орындары мен құрылыстары, шахталары үшін көптеген жаңа машиналар мен механизмдер шығаруда.

Туған елімізде

ВРАНГЕЛЬ АРАЛЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛ ЯРАНҒА

ВРАНГЕЛЬ АРАЛЫ, 27 май (СОТА). Врангель аралында қызыл яранға өткен жылғы сентябрьде ұйымдастырылды. Ол колхозшылардың зор құрметіне бөленген.

Яранғаның Самодуров жолдас басқарған коллективі соңғы үш айдың ішінде бұғы өсірушілер мен аңшылардың арасында партияның XIX съезінің материалдары бойынша 30-дан аса еңгімелер өткізді. Мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлері колхозшылардың еңбегін ұйымдастыруда бригадирлерге зор көмек көрсетуде.

Қызыл яранғада көркемөнерпаздар үйірмелері ұйымдастырылған; жылжымалы кино, шекті музыкалық аспаптар, кітапхана, түрлі ойын құралдары бар.

ДАЛА ҚОСТАРЫН КӨРКЕЙТУ
ХЕРСОН, 27 май (СОТА). Наховка ауданының Крупская атындағы колхозының дала қостарында өндірістік және тұрғын үйлер құрылысы кең өрістеуде.

Осы колхозды қамтытын № 9 трактор бригадасының қосы жанына жақсы асхана, қызыл мүйіз, тағам пісіретін орын салынды. Ауылшаруашылық машиналары мен тракторларды сақтайтын көлеңкелі орынды салу аяқталып келеді. Дала қосын айнала скверлер бар, жеміс ағаштары және гүлдер отырғызылған.


Осындай көркейтілген дала қостары колхоздың басқа да трактор бригадаларында және көршілес Буденный атындағы колхозда да салынуда.

ЛУГАНЫҢ ЕМДЕУ ОРЫНДАРЫНДА

ЛУГА, (Ленинград облысы), 28 май. (СОТА). Луга төңірегіндегі жерлер ертеден еңбекшілердің сүйсініп демалатын орны болып есептеледі.

Демалушылардың алғашқы тобы мұндағы «Жемчужина», «Красный ват», санаторийлеріне және «Луга», «Балтиец» демалыс үйлеріне келді.

Быйыл мұнда 10 мыңнан астам балалар дем алыста болады.



Ставрополь өлкесі. Кубань —Егорлыкск суландыру жүйесінің бас шлюзінің қуатты темір-бетон жабдықтары 54 километрлік канал бойынша өлкенің қуаң аудандарына Кубаньның суын жіберіп тұрады.
СУРЕТТЕ: Кубань — Егорлыкск суландыру жүйесінің бас шлюзінің көрінісі.

(СОТА-ның фотохроникасынан).

ПАМИР МЕКТЕПТЕРІ

ХОРОГ, (Таулы-Бадахшан автономиялы облысы), 27 май. (СОТА). Памирдің бірінші мектебі 1925 жылы Поршнева қыстағында ашылды. Ол кезде бұл таулы облыста сауатты адам жоққа жуық еді.

Көзір Таулы-Бадахшан автономиялы облысында екі жүзден астам мектеп

жұмыс істейді. Рушан ауданының алыс тауларындағы Барушан қыстағында соңғы алты жылдың ішінде ғана колхозшылардың 400 баласы орта дәрежелі білім алды. Барушанның 800-ден астам ер балалары мен қыздары быйылғы жылы оныншы класты бітіреді. Олар жоғарғы оқу орындарына барады.

«ТИНАКИ» КУРОРТЫ

АСТРАХАНЬ, 27 май (СОТА). Жартылай қуаң даланың орта кезінде жасыл алқап бар. Мұнда акациялар гүлденіп, жеміс бақшаларының өнімдері шыға бастаған. Көпжылдық ағаштардың көлеңкелерінде өдемлеп жабдықталған тұрғын қорғулар, емдеу кабинеттері бар. Бұл үлкен жауынды көлдің негізінде ұйымдастырылған ертеденгі курорттардың бірі—«Тинаки» курорты. Еліміздің жүздеген еңбекшілері жыл сайын мұнда өздерінің денсаулықтарын жақсартады. Мұнда көзір курортта демалушылардың алғашқы тобы—300-ге жуық адам емделу мерзімін аяқтап келеді.

МҰНАЙ КӘСІПШІЛІКТЕРІНДЕ САУДА ЖҮЙЕСІНІҢ КЕҢЕЙТУСІ

БАКУ, 27 май (СОТА). Сауда ұйымдары мұнай кәсіпшіліктерінде салқын сусындар және мороженое сағатын 200 киоск, палаталар мен павильондар ашты. Өткен жылмен салыстырғанда сауда жүйесі екі есе кеңейтілді.

Сауда орындары жаңа салқындатқыш аспаптармен толықтырылуда. Кеше теңіз-дегі «Мұнай тастары» кәсіпшілігінде өнімділігі төулігіне 3 тонна мұз қатыратын мұз дайындау зауытының құрылысы және оны монтаждау жұмысы аяқталды. Дәл осындай завод алыстағы мұнай барлау участогінің бәрінде де салынды.

БЕЛОРУССИЯНЫҢ ӨНЕРКӘСІП, ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ ТРАНСПОРТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КЕҢЕСІ

МИНСК, 27 май (СОТА). Бүгін мұнда республиканың өнеркәсіп, құрылыс және транспорт қызметкерлерінің Белоруссия Коммунистік партиясының Орталық Комитеті шақырған кеңесі болды. Кеңеске 800-ге жуық адам қатысты.

Кеңеске қатысушылар 1953 жылға арналған социалистік міндеттеме қабылдады. Мемлекеттік жоспарды мерзімінен бұрын орындау, жоспардан тыс елімізге 400 миллион сомның өнімін беру және 100 миллион сомға жуық қор жыйнау жөнінде қарар қабылданды.

Жазушы О. Д. Форшты Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтау туралы ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

Көркем әдебиет саласындағы көрнекті еңбектері үшін, туғанына 80 жыл толумен байланысты, жазушы Ольга Дмитриевна ФОРШ **Еңбек Қызыл Ту** орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **К. ВОРОШИЛОВ.**
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Н. ПЕГОВ.**
Москва, Кремль.
28 май 1953 жыл.

Қазақ ССР Жоғарғы Советін шақыру туралы ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы қаулы етеді:
Қазақ Советтік Социалистік Республикасы Жоғарғы Советінің үшінші сессиясы 1953 жылғы 1 июльде Алматы қаласында шақырылсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **Д. КЕРІМБАЕВ.**
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **А. ӘМРИЕВ.**
Алматы қаласы,
20 май, 1953 жыл.

Сайлаушылардың аманаттарын жүзеге асыру—абройлы борыш

Қалалық Советтің сессиясы

Жуырда Петропавл қалалық Советінің кезекті III сессиясы болды. Сессия сайлаушылардың аманаттарын орындау жөніндегі шаралар туралы қалалық Совет атқомінің председателі Савин жолдастың баяндамасын талқылады.

—Жергілікті Советтердің өткен сайлауы кезінде, —деді баяндамашы, —біздің қаланың сайлаушылары өздерінің депутаттыққа кандидаттарына көптеген аманаттар тапсырды. Сайлаушылардың аманаттары қаланы онан әрі көркейтуді, еңбекшілердің тұрмыс жағдайын жақсарту беруді көздейді.

Қалалық Совет атқомі сайлаушылардың аманаттарына сәйкес, қала еңбекшілерін тұрмыстық және мәдени қамту, коммуналдық шаруашылықтың, денсаулық сақтау орындарының, сауда орындарының, қалалық транспорттың жұмыстарын жақсарту жөнінде бірсыпыра шараларды белгіледі. Осының нәтижесінде соңғы екі айдың ішінде бірсыпыра жұмыстар істелді. Қалалық сауда бөлімі нан және нан тағамдарын сату жөніндегі дүкендердің санын көбейтті, керосинді тасып сату саудасы ұйымдастырылды. Август айында жаңа магазин және асхана ашылады, қалалық су проводы жаңадан су таратып беретін 8 пункт ашады. Жаңа стадион ашылды. 1953—54 оқу жылында бұрынғы екі бастауыш мектеп жетіжылдық мектепке айналдырылмақ. Осы сыяқты, екі жетіжылдық мектепте орта мектеп ұйымдастырылады. Жазғытұрым қаланың көшелері мен алаңдарына 30 мыңнан астам ағаштар мен бұталар отырғызылды.

Сайлаушылардың аманаттары бойынша быйыл Сталин атындағы, Буденный атындағы, Киров атындағы көшелерді және аэропортқа шығатын жолды түзету шаралары белгіленді. Карл Маркс атындағы, Папанин атындағы, Совет көшелері тегістеледі. Жұмысшылар поселкесіндегі Нанфилов атындағы көше көркейтеледі, ойқалаға түсетін жолдар түзетіледі.

Жаңадан су каналдарын салу, электр жүйелерін қайта құру, көшелерді жарықпен қамтамасыз ету мақсатына көп қаржы жұмсалуда. Тұрғын үйлерді күрделі және жабайы жөндеу ісіне бір миллион 200 мың сом қаржы бөлінді. Быйыл қаланы көркейту ісіне 5 миллион сом қаржы жұмсалады. Мұнан басқа кәсіпорындары тұрғын-тұрмыстық құрылысқа 11 миллионнан астам қаржы жұмсайды.

Алайда, сайлаушылардың аманатын орындауда кейбір шаруашылық, сауда орындары ойдағыдай жұмыс істей алмай келеді. Қаланы көркейту мақсатына босатылған қаржы кезінде толық жұмсалмады. Осы жылдың бәз айында тұрғын үйлерді жөндеу үшін босатылған қаржының

жұмыс істейді. Мектептерде физика және басқа кабинеттерді жабдықтау мәселесін шындап қолға алатын уақыт жетті. Бұл кабинеттерсіз оқушылардың терең білім алуы мүмкін емес. Жұмысшы жастардың оқуы ойдағыдай ұйымдастырылмай келеді. Быйыл 200-ден астам жас жұмысшылар кешкі мектептерден қол үзді. Бұл факті кешкі мектептерде жұмысшы жастардың оқуына қолайлы жағдай жасалмағанын дәлелдейді. Біз кәсіпорындарында жұмысшы жастардың кешкі мектептері болуына, оларда жұмыстың екі сменала ұйымдастырылуына жетісуіміз керек.

— Сайлаушылардың аманаттары, —деді кәсіподақтардың облыстық Советінің председателі Островной жолдас, —баяу әрі жеткіліксіз орындалып келеді. Баяндамашы бірсыпыра аманаттардың орындалмауын қаржының кемдігімен дәлелдемек болды. Бірақ, қаржы жұмсауды қажет етпейтін кейбір аманаттардың орындалмауына таңмыз бар. Теміржолшы-сайлаушылар су алатын маркаларды сатуды өз поселкесінде ұйымдастыруды тілек етті. Бірақ, амал не, бұл тілек күні бүгінге дейін орындалмай отыр. Кісі тасыйтын автомашиналардың тиісті расписание бойынша жүргізілуі ұйымдастырылмай келеді.

Осы сыяқты, Островной жолдас қалада құрылыс және жөндеу жұмыстарын жүргізетін арнаулы кәсіпорны ұйымдастыру жөнінде айтты. Мұның өзі құрылыс жұмыстарын ойдағыдай жүргізуді, бұл мақсатқа босатылған қаржылардың толық жұмсалыуын қамтамасыз етер еді.

Островной жолдасдың ұсынысын толық қуаттай келіп, депутат Тузиков жолдас қалада картоп және овощ сататын магазиндерді ұйымдастырудың қажеттігіне тоқталды. Қалалық сауда мекемесі бұл мәселелермен жете шұғылданбай келеді.

—Қаланы көркейту үшін жыл сайын көптеген қаржылар босатылуда, —деді қалалық коммуналдық шаруашылық бөлімінің меңгерушісі Малышев жолдас. —Бірақ, құрылыс ұйымдарының жоспарды кезінде орындамауы себепті қаржы толық жұмсалмай келеді. Өткен жылы еңбекті көп керек ететін жұмыстар жаз орындамай, қысқы маусымға қалды. Сөйтіп, ол жұмыстардың сапасы төмен болуына жол берілді. Бұл кемшіліктердің быйыл тағы да қайталану қаупі бар. Сондықтан құрылыс ұйымдары жоспарды әресе, күрделі құрылыстардың жұмысы жазғы маусымда аяқтау үшін барлық күш-мүмкіншіліктерін жұмсаулары керек.

«Комсомолка» тігін фабрикасының директоры Ермолин жолдас сайлаушылар-

ЖАҢА СТАДИОН



Петропавлдағы Киров атындағы заводтың жаңа стадионы ашылды.

Бұл стадион қаламыздың орталығына орналасқан. Стадионның оңтүстік шығыс жағында мәуелеп өскен Сибирь ағаштары бар. Ал, солтүстік-батыс жағы көзкөрім жерге дейін созылып жатқан көкжасылды кең алқап.

Стадионда волейбол, баскетбол алаңдары, спорттың түр-түрінен жаттығу жүргізетін және басқа орындар жақсы жабдықталған. Стадионның трибунасына 2500-ден аса адам сияды.

Жаңа стадионның ашылуына қатысу үшін келген қала еңбекшілеріне трибуналық толды. Стадион қысқа дистанцияға жүгірушілердің жарысымен ашылды. Жарыстың бұл түрінен кейін футбол командаларының қала кубогін алу жолындағы финалдық кездесуі болды.

16 майдан бастап қалалық физкультура және спорт комитеті қала кубогін алу үшін футбол ойынын өткізе бастады. Оған қаладағы «Электрик», «Локомотив», «Динамо», «Молот», «Звезда», «Энергия», «Пищевик» ерікті спорт қоғамдарының спортшылары қатысты.

Өткен ойындардың қорытындысында «Электрик» және «Локомотив» командалары басқа ерікті спорт қоғамдарының футболшыларынан жеңіп, қала кубогі үшін болатын финалдық ойынға қатысуға мүмкіндік алған болатын.

Ойынның бірінші таймында екі жақтың да шабуылдары жиі болып тұрды. Әресе, алғашқы таймда «Локомотив» командасының футболшылары шабуылға жиі шығып, инициативаны өздерінің қолдарына ала бастады. Бұл кезде электриктіктер шабуылға тиісті тойтары беру мақсатында ойын тактикасын өзгертті. Содан кейін олар күшті шабуылға шықты. «Локомотив» командасы футболшыларының бірлеспей, батыраңқы ойнайтындығын, қорғанысты нашар ұйымдастыруын пайдаланып, «Электрик» командасының сол жақ шетте орталық шабуылшыға көмекші болып ойнайтын футболшысы Шевченко жолдас ойынның 30 минутында «Локомотив» командасының қақпасына допты ешқандай бөгетсіз өткізіп, есеп ашты. Бірінші таймның аяғына дейін бұл нәтиже өзгере қойған жоқ.

Ойынның екінші таймында да электриктіктер локомотивтіктердің күшті шабуылдарын тойтарып, инициативаны тағы да өздерінің қолдарына алды. Ойын негізінде «Локомотив» командасы қақпасының жанында өтті. Финалды ойын 2:0 есебі бойынша электриктіктердің жеңісімен аяқталды.

Финалды ойында жеңіп шыққан «Электрик» командасына қала кубогі тапсырылды.

П. МАРКОВ.

ҚАЙДА ОҚЫҒЫҢЫЗ КЕЛЕДІ

ҚАЗАҚТЫҢ ТҰТЫНУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ АЛМАТЫҒАҒЫ ЖӘНЕ ӨСКЕМЕНДЕГІ КООПЕРАТИВТІК ТЕХНИКУМД. РЫ 1953—54 ОҚУ ЖЫЛЫНА ОҚУШЫЛАР АЛАДЫ

Техникум кооперативті сауданың азық-түлік және басқа товарлардың, кітап товарларының товарведтерін, экономист-жоспарлаушыларын және бухгалтерлерін даярлайды.

Оқу мерзімі 3 жыл.

Бірінші курсқа 7 класс көлемінде білімі бар және қабылдау емтихандарын ойдағыдай тапсырған 14-тен 30 жасқа дейінгі ССРО-ның ер және әйел азаматтары алынады.

Алматы кооперативтік техникумында өндіріс және азық-түлік товарларының товарведтері мен кооперативтік сауданың бухгалтерлік мамандығы жөнінде оқу мерзімі қысқартылған ерекше екі группа ұйымдастырылады. Бұл группаларға орта мектептің 10-класын бітірген оқушылар алынады. Орта мектепті 1951 жылға дейін бітірген оқушылардан қабылдау емтиханы төмендегі пәндер бойынша алынады:

а) ССРО тарихы (ауызша);

б) орыс тілі мен әдебиеті (ауызша және жазбаша шығарма);

в) математика (ауызша және жазбаша); орта мектепті 1951—52 және 1953 жылдарда бітірген оқушылар техникумға қабылдау емтиханысыз алынып, стипендиямен қамтамасыз етіледі.

1952—53 оқу жылында жетіжылдық мектепті бітіргенде мақтау грамотасымен наградталған оқушылар техникумға емтихансыз алынады.

Техникумның бірінші курсына түсушілердің отличниктерден басқалары мына пәндер бойынша қабылдау емтиханынан өтеді:

а) ССРО Конституциясы (ауызша);

б) орыс тілі мен әдебиеттік оқу (ауызша және жазбаша диктант);

в) математика (ауызша және жазбаша).

Арыздар Алматы және Өскемен техникумдары директорларының атына жазылады, онда қай бөлімге түсетіндігі көрсетіліп, оған мынадай документтер тіркеледі:

Білімі жөніндегі куәлік (түп нұсқасы), туған жылы туралы натарист растаған куәлігінің көшірмесі; тұрған жерінен анықтама, өмірбаяны, бас киімсіз түскен үш фотосуреті (3x4 см мөлшерінде) осы оқу орнына кіруге бөгет болмайтын ауруының жоқтығы және денсаулығы жөнінде анықтама; әскери міндеттілер үшін —әскери билет, не тіркеу куәлігі (өзімен бірге әкелінеді).

Арыздар 1953 жылғы 1 июньнен 31-июльге дейін қабылданады. Қабылдау емтихандары августтың бірінші 20-на дейін болады. (Емтиханға шақыру бойынша келеді).

Оқу 1953 жылғы 1 сентябрьде басталады.

Техникумға алынғандар, бірақ ешқандай себепсіз 10 сентябрьге дейін сабаққа қатыспағандар техникумнан шығарылады.

Техникумға алынған оқушылар стипендия, жатақхана және төсек-орындармен жалпы тәртіп бойынша қамтамасыз етіледі. Техникумдардың адрестері Алматы қаласы, Каргалинка поселкасы (Каргалинка жолы, автобус № 12).

Өскемен қаласы, Киров көшесі, 71-үй.

Қазақтың тұтынушылар одағы.

ССРО АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ДАЙЫНДАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ПЕТРОПАВЛАҒЫ ЗООТЕХНИКАЛЫҚ-МАЛДӘРІГЕРЛІК ТЕХНИКУМЫ

1953-1954 оқу жылына бухгалтерлік және малдәрігерлік бөлімнің 1-курсына оқушылар алады.

Техникум орта мамандықтағы бухгалтерлер және мал фельдшерлерін даярлайды.

Оқу мерзімі 4 жыл.

Оқуға 14 жастан 30 жасқа дейінгі, 7 класс көлемінде білімі бар азаматтар алынады.

Оқуға қабылданғандар орыс тілі және әдебиеттен (жазбаша және ауызша), математикадан (жазбаша және ауызша), ССРО Конституциясынан емтихан тапсырады.

Қабылдау емтиханы августтың 1-нен 20-на дейін, ССРО жоғарғы білім министрлігі бекіткен программа бойынша өткізіледі.

1953 жылы 7 класты «отлично» бітіргендер оқуға емтихансыз алынады.

Арыздар 1 июньнен 31 июльге дейін қабылданады.

Арызбен бірге мына документтер: 7 класты бітіргендігі туралы куәлігі (түп нұсқасы), туған жылы туралы куәлігінің көшірмесі (натарист расталған болуы керек), денсаулығы туралы анықтама, өмірбаяны, 2 фотосуреті қоса тапсырылуы керек. Паспортын, әскери билетін (әскери міндеттілер үшін) немесе әскери есепке тұрғандығы туралы анықтамасын (әскерге шақырылу жасындағылар үшін) өздері келгенде көрсетеді.

Осы документтерімен бірге арыздарын қоса жібергендер емтихан тапсыру үшін және емтихансыз қабылданушылар оқуға техникумның шақыруы бойынша келеді.

Оқуға қабылданғандарға стипендия беріледі.

неары 25 проценти ғана меңгерілді.

Савин жолдас баяндамасының соңында сайлаушылардың аманаттарын орындау жөніндегі міндеттерге тоқталды.

Баяндама бойынша жарыссөз басталды. — Партияның XIX съезі, — деді қала-лық оқу бөлімінің меңгерушісі Дегтяренко жолдас, — жаңа бесжылдықта міндетті түрде онжылдық оқуға көшу міндетін қойды. Бұл міндетті жүзеге асыру көп жұмыстар істеуді керек етеді. Қаладағы мектептердің тең жартысы үш еменде

жаңа базар және Пушкин көшелерін жөндеу және оларды жарықпен қамтамасыз ету жөніндегі аманаттарын жүзеге асырудың қажеттігіне тоқталды.

Бұлардан басқа күн тәртібіндегі мәселені талқылауға депутаттар Жовтяк, Щетолев, Чаева, Коваленко жолдастар қатысты.

Сессия сайлаушылардың аманаттарын жүзеге асыру мәселесін онан әрі жақсарту беру жөнінде нақтылы шаралар белгіленіп, қаулы алды.



СУРЕТТЕ: жоғарыда — жаңа ашылған «Электрик» стадионының кіреберіс қақпасының көрінісі, төменде — «Электрик» командасына қалалық кубокті тапсыру.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Венгер кинофильмдерінің фестивалі

24 майда «Алматы» кинотеатрында венгер кинофильмдерінің фестивалі аяқталды. Экранда «Жарменкедегі оқылға», «Дауыл», «Батыс аймақ», «Жауынгерлік сын» деген және басқа картиналар көрсетілді. Сеанстар басталар алдынан Венгер Халық Республикасында жаңа тұрмыс орнатылып жатқаны туралы лекциялар

оқылды. Театрдың фойесінде көрме ұйымдастырылды.

Мұнымен қатар, «Алатау» және «Жас өспірімдер театры» кинотеатрларында да венгер кинофильмдері көрсетілді. Бұл фильмдерді бір аптаның ішінде 50 мыңнан аса алматылықтар көрді.

(ҚазТАГ).

Қоғамдық мал санын көбейтіп, оның өнімділігін арттыра береміз

Қоғамдық мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру жөнінде алға қойылған міндеттерді орындау жолында Жамбыл атындағы колхоздың колхозшылары қажырлы еңбек етуде. Үстіміздегі жылы біз ірі қара мал санын 1354 басқа, қойды — 2041, жылқыны — 830, құсты — 2500 басқа жеткізуге тиістіміз. Мұның өзі колхоз мүшелерінен, мал өсіруші мамандардан қоғамдық мал шаруашылығын өркендету ісінде қажырлы еңбек етіп, малды бағып, күту жұмыстарын дұрыс ұйымдастыруды талап етеді.

Мал санын онан әрі көбейту және оның өнімін молайта беру ісінде малды жазды күні жайып бағу, семірту жұмысын үлгілі ұйымдастырудың маңызы ерекше зор. Мұны біз ешуақытта естен шығарғанымыз жоқ. Малды жайылымдарға шығармас бұрын, жайылымдық жерді дұрыс пайдаланудың жоспарын жасадық. Онда қай ферманың малы қандай жайылымға, қай мезгілде шығарылатыны анық көрсетілді. Бұл колхоз бойынша жасалынған жоспар болатын. Енді, міне, осы жоспардың негізінде әрбір фермада жайылымдық жерді пайдаланудың өз алдына бөлек жоспары жасалынды. Онда бір жайылымдық жерді неше күнге дейін пайдалануға болатынына, малдардың екінші жайылымға қай мезгілде ауыстырылатынына дейін көрсетілген. Ферма малшылары бұл жоспарда көрсетілгендерді жете біледі және оны қатаң сақтайды.

Біз қар көтіп, шөп шығысымен-ақ малды түлік-тілігімен жайылымдарға өріске шығардық. Әрбір фермада мал жайылымдарға белгіленген жоспар бойынша бағылады. Жайылымдардың оты, суы мол. Малды шабындық жерлерге түсірмейміз. Жайып бағу басталғалы мал арнаулы жайылымдарда бағылуда. Малдың бірқатары колхоздан 100 километр жердегі жайылымдарға айдалып бағылады. Мал онда күзге дейін болады.

Мал семіз болса, өсімтал келеді, оның өнімі де мол, әрі сапалы болады. Малды жазда зоотехникалық ережелерге сай жайып семірту мал қыстату маусымын өткізуге көп жеңілдік келтіреді. Қысқа жоғары күйімен келген мал ауа райының қолайсыз жағдайын көтере алады, түрлі індетке де шалдықпайды. Біздің колхоздың мал өсіруші колхозшылары өткен жылы да малды оты, суы мол учасқотерде бағып, семіртті. Малымыз қысқа күйлі, семіз болып барды. Қысты күні де оған жақсы күтім жасадық. Бұл маусымда мал құнарлы жемшөппен азықтандырылды. Соның нәтижесінде мал қыстан шырынсыз, күйлі шықты. Малдың жазғы жайылымы быйғы да жақсы ұйымдастырылған.

Малды жазда жайып бағуға колхоздың алдыңғы қатарлы колхозшылары Туытов, Камалиева, Акипова, Қуандықова, Шамиева, Базарбеков, Исабеков, Зейнуллин, Жұнысов, Қуандықов, Турлыбаев, Кенжебекова жолдастар сыяқты тәжірибелі малшылар бөлінді. Кәзір

мал шаруашылығын өркендетудің жауапты кезеңі туды. Малшылар бұл маусымды табысты өткізуде. Кәзір 571 қой қоздаса, олардан 597 қозы алып, шығынсыз өсіріп отырмыз. Енді 200-ге жуық қоздайтын қой бар. Оларды да аман қоздатамыз. Қозы алуға шопандар Туытов, Камалиева, Акипова, Қуандықова, Шамиева жолдастар жақсы әзірленген болатын. Бұл жолдастар қозыларды көп алып, оларды аман өсіріп жүр. Колхозда 177 сыйыр бұзаулауға тиіс болса, осыдан 50 сыйыр бұзаулады. Сауыншы Иманқұлова, Кенжебекова жолдастар өздерінің қарамағындағы әрбір 15 сыйырдан 15 бұзау алып, шығынсыз өсіріп отыр.

Колхозда 200-ден астам бие құлындауға тиіс еді. Бұдан 15 бие құлындады. Алынған құлындар шығынсыз күйлі өсірілуде. Бұл істе Базарбеков, Исабеков, Зейнуллин, Жұнысов, Қуандықов жолдастар сыяқты колхозшылар айтарлықтай еңбек сіңіріп келеді. Өткен жылы бұлар 205 биеден 205 құлын алып, аман өсірген болатын. Мұндай еңбектері үшін бұл жолдастар колхоздан сыйлық ретінде 13 жабағы алды. Быйғы жылы жылқышылар 300-ге жуық биені аман құлындатып, оларды шығынсыз өсіру жолында аянбай еңбек етіп жүр.

Малдың санын көбейтіп ғана қоймаймыз, сонымен қатар оның тұқымын да асылдандыра түсеміз. Бұған мал фермаларының күш-мүмкіншілігі жеткілікті. Қоғамдық малдың тұқымын асылдандыру мақсатымен быйғы 4 асыл тұқымды айғыр, 4 асыл тұқымды бұқа, 6 асыл тұқымды қошқар сатып алдық. Быйғы 200 бие асыл тұқымды айғырмен шағылыстырылады.

Малдың қысқы қамын да осы күннен ойластырып отырмыз. Үстіміздегі жылы жемшөптің мол қорын жасаймыз. Ол үшін шөп шабу науқанын табысты өткіземіз. Малға жылы, жарық қора әзірленеді. Үстіміздегі жылы мың бас қой сыятын бір стандартты қора, 200 бастық бұзау қора салынады. Малшылар үшін тұрғын үйлер, монша салу жоспарланып отыр. Бұл жұмыстарды тұрақты құрылыс бригадасы атқарады. Бригада кәзір құрылыс жұмыстарына қызу кірісті.

Мал шаруашылығын онан әрі өркендету мақсатымен мал фермаларын басқаруға қолынан іс келетін, тәжірибелі адамдар бөлінді. Олардың барлығы коммунистер. Мәселен, жылқы фермасының меңгерушісі болып коммунист Сайдуов, күс фермасының меңгерушісі болып коммунист Нұртазин жолдастар істейді. Фермаларды басқаруға коммунистердің жіберілуі нәтижесінде онда еңбек ұйымдастыру ісі нығайып, малдың күтімі жақсара түсті.

Партияның XIX съезінің мал шаруашылығын өркендету жөніндегі қарарларын басшылыққа ала отырып, біз мал басын өсірудің 1953 жылғы жоспарын барлық түліктен толық орындап шығамыз. Сонымен қатар, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі жоспарды да мінсіз орындаймыз. Бұған біздің күш-мүмкіншілігіміз мол.

Қ. РЫСБАЕВ,

Октябрь ауданы, Жамбыл атындағы колхоздың председателі.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Үйі жоқтар жатақханамен қамтамасыз етіледі немесе 25 сом мөлшерінде пәтер ақы төленеді. Арыздарды мына адреске жіберу керек: Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Крупская атындағы көше, 47-үй. (Ойқала), зоотехникалық-малдәрігерлік техникумы.

ПЕТРОПАВЛДЫҢ ФЕЛЬДШЕРЛІК-АКУШЕРЛІК МЕКТЕБІ

Фельдшерлік-акушерлік бөлімі мен емдеу-профилактикалық мекемелердің медицина сестралары бөлімінің бірінші курсына оқушылар алады. Фельдшерлік-акушерлік бөлімінің оқу мерзімі 4 жыл. Медициналық сестралар бөлімінің оқу мерзімі 3 жыл. Мектепке орта мектептің жетінші класы көлемінде білімі бар 14 жастан 30 жасқа дейінгі ер және әйел азаматтар алынады. Мектепке түсем деушілер мына төмендегі пәндер бойынша қабылдау емтиханынан өтеді:

ССРО Конституциясы, Орыс тілі және орыс әдебиеті (ауызша және жазбаша); Математика (ауызша және жазбаша); Қабылдау емтихандары 5 августтан 20 августқа дейін болады. 1952-53 оқу жылында жетіжылдық мектепті отлучно бітіріп, мақтау грамотасын алғандар мектепке қабылдау емтиханынсыз алынып, стипендиямен қамтамасыз етіледі. Сол сыяқты қабылдау емтиханын «4» және «5» деген бағаға тапсырушылар да стипендиямен қамтамасыз етіледі. Бірінші курсқа алынған оқушыларға жатақхана берілмейді. Мектепке түсем деушілер директордың атына арыз жазып, оған мына документтерді қоса беруі керек: Білімі жөніндегі куәлігі (түп нұсқасы)

Туу туралы куәлігі (нотариус растаған көшірмесі), паспорт (өзімен бірге келеді), өмірбаяны, үш фотосуреті денсаулығы туралы анықтама, тұрған жерінен анықтама. Запастағы әскери міндеттілер әскери билетін, шақыру жасындағылар тіркеу куәлігін өзімен бірге ала келеді. 16 жасқа толған оқушылардың міндетті түрде паспорты болуы керек. Документтер 1953 жылдың 1 июньнен 31 июльге дейін тек түп нұсқасы ғана қабылданады. Барлық сұрақтар жөнінде мына адреске жолығу керек: Петропавл қаласы, Папанин көшесі, 4-үй.

ҚАЗАҚТЫҢ В. М. МОЛОТОВ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА ИНСТИТУТЫНА ОҚУҒА ТҮСУДІҢ ТӨРТҮ

Институтқа орта білімі бар, ұшжылдық медицина мектебін бітірген, ұшжылдық стажы бар, ССРО-ның 17 жастан 35 жасқа дейінгі азаматтары алынады. Қазақтың медицина институтына түсушілер мынадай пәндер бойынша қабылдау емтиханынан өтеді:

Физика, химия, орыс тілі мен орыс әдебиеті. Орта мектепті алтын және күміс медальмен бітіргендер медицина институтына емтихансыз алынады. Медицина институтында 4 факультет бар: емдеу, педиатриялық, санитарлық тазалық сақтау және фармацевтік. Сабақ орыс тілінде жүреді. Оқу мерзімі 6 жыл. Оқығаны үшін жылына 400 сом ақы төлейді. Қазақтар, шығыс халықтары, Отан соғысының мүгедектері оқу үшін төленетін ақйдан босатылады. Қабылдау емтиханын жақсы және өте жақсы деген бағаларға тапсырған студенттер стипендиямен қамтамасыз етіледі.

Жатақхана тек мұқтаж студенттерге ғана беріледі. Институтқа түсу үшін міндетті түрде мынадай документтер жіберу керек: 1. Институт директорының атына жазылған арыз (мұнда қай факультетке түсетіні көрсетіледі) 2. Орта мектепті бітіргендігі жөніндегі аттестаты (түп нұсқасы), 3. Өмірбаяны, 4. Бас киімсіз түскен суреті (3x4 см мөлшерінде) 5. Әскери қызметке қатысы жөнінде анықтама (әскери міндеттілер үшін). Паспортын өзі ала келеді. Медицина институтына түсу туралы арыздар 1953 жылдың 31 июльне дейін қабылданады.

Қабылдау емтихандары августтың бірінен 20 дейін болады. Институттың адресі: Алматы қаласы, Комсомол көшесі, 96-үй.

Петропавлдың жүк тиеу мекемесіне түпкілікті жұмысқа жүк тиеуші жұмысшылар және шофер мамандығы бар жүк тиеу машинасында жұмыс істеушілер КЕРЕК. Адрес: Петропавл қаласы, жүк тиеу мекемесі (товар қоймасы жанында).

«Молот» артелі құрылысшы ұйымдарға, колхоз, совхоздарға есік қалқаларын, тұтқалар, телеграф ырмақтарын, өрт сөндіру аспаптарын, ауыр балғалар сатады, сол сыяқты заказдар қабылдайды. Адрес: Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 33-үй.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері—2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39, Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.